

Супугалиева Г.И.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Қаржы» кафедрасының аға оқытушысы,

Қазақстан, Алматы қаласы

[gulnazym.supugalieva@mail.ru](mailto:gulnazym.supugalieva@mail.ru)

### **Еуразиялық экономикалық интеграцияның тиімділігін арттырудағы инвестицияның рөлі**

**Аңдатпа.** Интеграциялық үрдістер- экономиканың қазіргі дамуында орын алуы заңдылық болып табылады, ол тарихи қалыптасқан объективті үрдістерге негізделеді. Интеграциялық үрдістер елдің экономикасының ішкі дамуы мен қатар сыртқы экономикасына да тән. Экономикалық интеграция әлемдік экономиканың жаһандану үрдісінің ядросы болып табылады. Экономикалық интеграция өзінің дамуында бірнеше кезеңдерден өтті, ол қарапайым формадан екінші күрделі формаға айналады. Қазіргі уақытта елді индустриалды-инновациялық дамытудың оңтайлы үлгісін іздестіру үдерісі жалғасуда, бұл белгілі бір дәрежеде стратегиялық мақсатты- әлемнің елу бәсекеге қабылетті елінің қатарына кірумен байланысты. Ел экономикасын дамытудың индустриалды-инновациялық үлгісіне өту қажеттігі инвестициялық саясаттың тиімділігі мәселесін өзектендіреді. Оны іске асырудың негізгі бағыты инвестицияларды тарту саласындағы заңнаманы жетілдіру, мемлекеттік инвестициялау жүйесін қайта құру, инвестициялық нарықты дамыту, мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті дамыту және мемлекеттік кәсіпорындардағы шаруашылық жүргізудің ұйымдық нысадарын жетілдіру болып табылады. Аталған бағыттарды іске асыру елдің инвестициялық түсімдерін арттыруға мүмкіндік береді, ол кәсіпорындардың өндірістік-технологиялық базасын жаңғыртуға, өндірістік үдерістердің тиімділігін арттыруға және өнеркәсіптік өндірістің өсуін қамтамасыз етуге ықпал етеді.

**Кілтті сөздер:** Интеграция, Еуразиялық одақ, инвестиция, инвестициялық жоба, инвестициялық тартымдылық, тікелей инвестициялар.

Супугалиева Г.И.

Старший преподаватель кафедры «Финансы» КазНУ им. аль-Фараби

Казахстан, город Алматы

### **Роль инвестиций в повышении эффективности Евразийской экономической интеграции**

**Аннотация.** Интеграционные процессы – объективная закономерность современного развития экономики, базирующаяся на исторически сложившихся объективных процессах. Интеграционные процессы характерны как для внутреннего развития экономики страны, так и для внешнего. Экономическая интеграция составляет ядро процесса глобализации мировой экономики. Экономическая интеграция прошла в своем развитии несколько этапов, трансформируясь из одной, более простой формы в другую, более сложную форму. В настоящее время продолжается поиск эффективного модуля индустриально-инновационного развития страны, что связано со стратегической целью вхождения Республики Казахстан в число 30 наиболее конкурентоспособных стран в мире. Для развития экономики страны и необходимости перехода к индустриально-инновационному модулю актуальны проблемы эффективной инвестиционной политики

предприятий. Основное направление реализации – мотивация привлечения инвестиций, совершенствование законодательства в сфере привлечения инвестиций, перестройка государственной инвестиционной системы, развитие инвестиционного рынка, развитие государственно-частного партнерства и совершенствования коллективных форм хозяйственного ведения на государственных предприятиях. Реализация данных направлений будет способствовать повышению инвестиционного дохода, улучшению производственно-технологической базы предприятия, повышению эффективности производственных процессов и обеспечению роста промышленных производств. Для целенаправленного инновационного развития Республики Казахстан приняты некоторые программы и проекты. В Казахстане правильно организовать инвестиционную политику на предприятиях можно путем повышения эффективности их деятельности и снижения уровня безопасности на производстве.

**Ключевые слова:** интеграция, евразийский союз, инвестиция, инвестиционный проект, инвестиционная привлекательность, прямые инвестиции.

Gulnazym Supugalieva

Senior Lecturer of the Finance department in the Kazakh National University named after Alfarabi, Kazakhstan, Almaty

### **The role of investment in the improving the efficiency of the Eurasian economic integration**

**Abstract** Integration processes are objective laws of modern economy development, based on the historically developed objective processes. Integration is the multi-level phenomenon affecting both the individual enterprises (microlevel), and the whole national economies (macrolevel). Economic integration is the center of the globalization process of world economy. Economic integration of different countries is a result of the internationalization of economic life, which has passed several stages in its development. At this time, the search for an effective unit of industrial and innovative development of the country continues, what is on the one hand takes place due to the strategic goal of entering the list of 30 most competitive countries in the world. The problems of effective investment policy of the enterprise are relevant to transform to industrial-innovative module for the economic development of the country. The key areas of realization is motivation to attract investment, improvement of legislation in the sphere of attracting investments, rebuilding the public investment system, development of the investment market and public-private partnerships and improving the ownership of collective forms of economic management in the state-owned enterprises. The implementation of these areas will make it possible to increase the production of investment income, it will affect the improvement of industrial and technological base of the enterprise, improve the efficiency of production processes and growth of industrial production. Kazakhstan adopted some programs for targeted innovation development. It is possible to organize innovation policy in manufacturing factories in Kazakhstan by increasing their efficiency and reducing the level of safety in the workplace.

**Keywords:** the integration, the Eurasian Union, investment, investment projects, investment attraction, direct investments.

Еуразиялық экономикалық одақ интеграция үдерісін дамытады. Интеграциялық үдерістердің дамуы - тауарлар мен өндіріс факторларының халықаралық қозғалысының өсуінің заңды нәтижесі. Осы нәтиженің жүзеге асуы барысында елдер арасында шаруашылық-тұрмыстық байланыстардың құрылуы және халықаралық сауда мен өндіріс факторларының қозғалысы жолындағы көптеген кедергілерді жою жүйесі қалыптасады.

Интеграция болуы үшін төмендегідей шарттар орындалуы тиіс:

1. Интеграциялық бірлестікке енетін елдердің экономикалық даму деңгейлері шамалас болуы тиіс;
2. Интеграциялық бірлестікке енетін елдердің географиялық жақындығы, мен тарихи қалыптасқан экономикалық байланыстары болуы тиіс;
3. Елдер арасында экономикалық даму, қаржыландыру, экономиканы реттеу, саяси қарым-қатынаста мәселелер ортақ болуы тиіс.

Ресей, Беларусь, Қазақстанның бұрыннан келе жатқан дәстүрі, экономикалық қана емес, әлеуметтік тығыз байланысы, достастығы бар. Экономикалық, интеграциялық процестер жүрмейінше, халықтың әл-ауқатын көтере алмаймыз. Тәуелсіздігімізді сақтай отырып, басқа елдермен келісімшарт жасасып, өз мүддемізді қорғап, басқалардың мүддесіне тиіспей, ортақ шешімге келуге тиіспіз. Мұны Еуразиялық одақ құру қамтамасыз етеді.

Экономикалық интеграцияның қалыптасуы мен дамуы нақты 4 кезеңнен өтуі тиіс:

1 кезең – Еркін сауда аймағы. Бұл кезеңде қатысушы елдер өзара сауда кедергілерін жеңілдетеді;

2 кезең – Кедендік Одақ. Қатысушы елдер арасындағы шекара мен кеденге қатысты кедергілер жойылады, басқа елдерге қатысты ортақ кедендік салықтар енгізіледі;

3 кезең – Экономикалық Одақ. Бұл кезеңде мемлекеттер ұлттық шекаралар арқылы тауарлар, жұмыс күші, технологиялар жөнінде келісімге келеді;

4 кезең – Толық интеграция. Ортақ валютасы, ортақ ұлттық реттеу органдары бар біртұтас экономикалық саясат жүргізіледі. [1]

Еуразиялық интеграцияның артықшылығы – инвестициялық тартымдылығымыз арта түсуде. Соның нәтижесінде ресейлік және беларустық кәсіпкерлер Қазақстанда өз бизнесін ашуға қызығушылық танытуда. Өйткені, оларды біздің қолайлы инвестициялық және салықтық заңнамамыз қызықтырады.

Экономикалық интеграцияның шеңберінде қазақстандық экономикаға шетелдік инвестицияның қосымша ағыны және біріккен кәсіпорындар құру болмақ, себебі Қазақстандағы қолданыстағы заңнама бойынша салық деңгейі Белоруссия мен Ресейге қарағанда аз. Осылайша биліктегілер біздің ел ЕЭО бірыңғай нарығына шетелдік бизнес шығатын терезе болады деп үміттенеді.

Осы мақсатқа жету үшін де «Инвестициялық климатты жетілдіру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңының жедел түрде әзірленіп қабылданған болатын. Құжатта 10 жылға корпоративтік табыс және жер салығынан босату, 8 жылға Қазақстандағы экономиканың әлеуетті секторы үшін қаржы салуға дайын инвесторларды мүлік салығынан босату қарастырылған. Бұл ретте нысандарды пайдалануға бергеннен кейін мемлекет капиталдық шығындардың 30%-ын өтейді және инвестициялық жобаны жүзеге асыру барысында және оны іске қосқаннан кейінгі бір жыл ішінде ешқандай шектеусіз шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат етеді. Оған қоса, инвесторларға салық режимінің тұрақтылығына кепілдік беріледі. Тек қосымша құн салығы мен акциздік алымға ол қатысты емес. [6]


Қазіргі уақытта Қазақстан мен Ресейдің арасында жалпы сомасы шамамен 32 млрд. доллар болатын 40 ірі инвестициялық жоба дайындалуда. Осының барлығы Қазақстанның инвестициялық тартымдылығы айтарлықтай жоғарылағанын дәлелдейді. Сонымен қатар,

қазақстандық жағымды бизнес-климат әлемнің басқа өңірлерінен инвестициялардың өсу факторы болуда.

Әлемдік ұйымдардың тікелей шетелдік инвестицияны статистикалық көрсеткішін бірыңғайландыруға тырысқанына қарамастан (мысалға, инвестицияларды тікелей және портфельдік деп бөлген кезде 10%-дық шектеулер енгізу), ТМД және Қазақстан мемлекеттері үшін тікелей шетелдік инвестицияның келесідей мәселелерін қарастыру қажеттігі туындайды:

- Инвестициялық жобалар есебінің толықтығы (әсіресе ұсақ инвестициялық жобаларға қатысты);
- тікелей шетелдік инвестициялардың жиынтық сомасын есептеу әдісі;
- тікелей шетелдік инвестицияның қай елге жататындығын анықтау;
- әрекет ететін шетелдік инвестициялық жобаларда қайта қаржыландыру шараларын қарастыру.

ТМД елдерінің ресми статистикалық мәліметтеріне сүйенсек, тікелей шетелдік инвестицияның тартылуында «көршілес тиімділік» өз нәтижелерін беруде, әсіресе капитал экспортының масштабы аздаған мөлшерді құрайтын мемлекеттерде айқын көрініс табады. Егер Ресейде тікелей шетелдік капитал салымы 4.4% құраса, Қазақстанда бұл көрсеткіш— 10.9% тең.[6]



Сурет 1

ТМД мәліметтері бойынша Грузия және ТМД мемлекеттерінде жинақталған ресей тікелей инвестицияларының географиялық құрылымы

Жоғарыда келтірілген диаграммадан Қазақстан Ресейдің тікелей инвестициясының көп мөлшері құйылатын елдердің бірі екендігін көруге болады. Бұл көрсеткіш экономикалық интеграциялық аймақтың құрылғанында біршама өскен болатын.

Еуразиялық экономикалық интеграция мен Кедендік Одаққа Қазақстанның мүше болуындағы негізгі мақсаттардың бірі ел экономикасына шетел инвестициясын тарту, өткізу нарығын кеңейту болып табылады. Соның ішінде еліміздің қайта өңдеуші саласына басымдықтар берілуде. Тікелей шетелдік инвестиция көлемінің осы қайта өңдеуші салаға көлемі басқа салаға қарағанда жоғары мөлшерде көрініс тапқан. Кедендік Одақ құрылғаннан бері Қазақстанның қайта өңдеу өнеркәсібіне құйылған инвестиция мөлшері 88 пайызға ұлғайтылған, яғни 2009 жылы 1,8 млрд. АҚШ долларынан 2014 жылы 3,4 млрд. АҚШ долларына дейін. Сонымен қатар ТШИ жалпы көлемі аталмыш мерзімде 34%-ға ұлғайған: 21,4 млрд. АҚШ долларынан 28,3 млрд. АҚШ долларына дейін.[5]

Қазақстан басқа ТМД елдері мен Еуразиялық экономикалық аймақтағы серіктестерімен салыстырмалы түрде қарағанда өзінің либералдық салықтық саясатының және қолайлы инвестициялық климатының арқасында шетелдік капиталды тартуға мүмкіндіктері жоғары болып табылады, және де Кедендік Одақ елдерінің капиталы бірлескен өндіріс үшін тиімділігі жоғары.

Еліміздің өңдегіш өнеркәсібіне инвестицияның артуы Республиканың тауар айналымы инфрақұрылымына да жағымды әсерін тигізеді.

Сонымен қатар Еуразиялық экономикалық интеграция отандық компанияларға бірыңғай экономикалық кеңістікке мүше елдер арасында мемлекеттік сатып алу процесіне қатысуға мүмкіндік береді. Еуразиялық экономикалық ынтымақтастық туралы келісімшарттың «Мемлекеттік (жергілікті) сатып алулар» бөлімінде мемлекеттік сатып алу процедура мен бірыңғай реттеу талаптары қарастырылған. Бұл отандық инвесторларды ынталандыру шараларының бірі болып табылады. Себебі, интеграция шеңберінде инвестиция ағыны тек шетелдік инвесторларға ғана басымдық бермей, еліміздің отандық инвестиция салымшыларына қолайлы жағдай жасау негізгі міндеттердің бірі болып есептеледі.

2015 жылдың қаңтар-маусым айларының аралығында Еуразиялық Экономикалық аймаққа мүше елдер арасында (Армения мен Қырғызстанды қоса есептегенде) негізгі капиталға \$108,9 млрд доллар инвестиция бағытталған. Алғашқы кварталда Қазақстанға Ресей мен Белоруссидан тартылған инвестиция көлемі жалпылай алғанда 33%ға (орташа есеппен 25%: ресейлік инвестиция ағыны – 14%, белоруссиялық инвестиция ағыны – 35%) азайған.

Қазақстанның инвестициялық тартымдылығы бүгінгі таңда Орталық Азия мемлекеттерінің ғана емес, барлық посткеңестік аймақта үлгі болып табылады. Қолайлы инвестициялық климат әрдайым жетіліп отыратын инвестицияға оптималды шарттар қарастыратын нормкативтік құқықтық базамен бірге елдің тартымды имиджін қарастыруға әсерін тигізеді. Ол болса өз кезегінде инвесторлар таңдауына ықпалын тигізетін параметрлердің бірі болып табылады.

Бүгінгі күннің өзінде Қазақстан экономикаға құйылып жатқан тікелей шетелдік инвестицияларының көптігін айта алады. 2013 жылыдың соңына таман қарай 180 млрд. АҚШ долларын құрады. Жалпы ел бойынша ірі шетелдік инвесторлар Германия, АҚШ, Ұлыбритания, Ресей, Франция, Италия, Нидерланды, Қытай, Канада, Жапония және басқа мемлекеттерден келген.

Нақтырақ айтатын болсақ, кондитерлік тауарлар мен шоколад экспорты үш есеге, Ресей мен Белоруссияға жүк көтергіштер жеткізілімі 17 есе, цемент экспорты 16 есеге ұлғайды.

Қазақстанда көлік құралдары, қара металдың пластмассаның, резина, қағаз, тұрмыстық техниканың дайын өнімдерінде оң тенденция бар екендігі көрінеді. Ағымдағы жылға қатысты айтатын болсақ, қаңтарда инвесторлардың меншікті құралдары салаларды қаржыландыру көздерінің артық бөлігін құрады (49 пайыз) және 13,8 млрд. теңгені құрайды. Соның ішінде өңдегіш өнеркәсібіне негізгі капитал тартылымына инвестиция 37,4 пайызға жоғарылаған. Мқнда бірінші орындарды Қарағанды, Павлодар және Ақтөбе облыстары иеленеді. Яғни мұнда металлургия өнеркәсібіне капитал жұмсалымы туралы айтылып жатыр.

Өңдегіш өнеркәсібінен басқа елімізде энергияның қалпына келетін көздеріне, агроөнеркәсіптік кешенге, экономиканың кен қазу өнеркәсібі, қызмет көрсету саласы мен

IT саласына инвестиция тарту жоғары потенциалға ие болып келеді. 2009 жылмен салыстырғанда IT саласына тікелей инвестиция 2014 жылы отандық IT саласы 198,2 млн. АҚШ долларкөлемінде 19 еседен көп жоғарауға ие болды.

Интеграция шеңберінде жүзеге асырылып жатқан жобалардың бірі ретінде келесі жобаны қарастыруға болады. Еуразиялық даму банкі 2013 жылы «Самрук-Энерго» Акционерлік Қоғамы компаниясының тобына кіретін «Алғашқы жел электрлік станциясы» ЖШС қазақстандық компаниясымен 14,2 млрд. тенге (шамамен 94 млн. АҚШ доллары) көлемінде кредиттік желі ашу туралы келісімшартқа қол қойған болатын. Бұл келісімшарт мерзімі он жылға жасалынған. Жоба Ерейментау қаласы мен Ақмола облысында қуаттылығы 45 МВт болып келетін жел электр станциясының құрылысын қарастырады. Жобаның жүзеге асырылуы жыл сайынғы электр энергиясының көлемі 172,2 ГВтч көлемін қамтамасыз ететін болады. Бұл өз кезегінде аймақтардағы электр энергиясына деген тапшылықты төмендетуге өз әсерін тигізетін болады. Және де жоба инновациялық тұрғыдан да тиімді болып табылады. [5]

«Doing Business» әлемдік банкінің статистикалық рейтингісіне сүйенсек, елде бизнес жүргізудің оңайлық индексі бойынша Қазақстан 2014 жылы 185 мемлекеттің арасынан 50 орынға ие болды. Соның ішінде «Инвесторларды қорғау» критерийі бойынша - 10 орын, «Инвесторларға қолайлы салық салу» бойынша – 17 орын, «Кәсіпорындарды тіркеу» бойынша - 25 орынды иеленген.

Қазақстан үшін газ тасымалдау сферасындағы маңызды жобалар болып бүгінгі таңда Қазақстан, Ресей, Түркменстан мемлекеттері президенттерінің Каспий маңы газжолы құрылысы туралы бірлескен декларациясы және Қазақстан, Ресей, Түркменстан мен Өзбекстан мемлекеттері президенттерінің Орталық Азия аймағында газ тасымалы қуыттылығын арттыру туралы бірлескен декларация болып табылады.«Қазақстан – Қытай» газ жолы құрылысы жобасының жүзеге асу тиімділігі туралы да айта кету керек.

\*\*\*

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Назарбаев Н.А. От идеи Евразийского союза- к новым перспективам евразийской интеграции. Электронный ресурс: akorda.kz
2. Мировая экономика: прогноз до 2020 года/ под ред А.А. Дынкина // ИМЭМО РАН. М.: Магистр, 2008
3. Мировая экономика :учебник/ под ред. И.П. Николаевой,- М.: Проспект,2010 - 240с
4. Исследование инвестиционной привлекательности Казахстана // Ernst &Young,2014
5. Комитет Республики Казахстан по статистике, 2015

#### **References:**

1. Nazarbaev N.A. Ot idei Evrazijskogo sojuza- k novym perspektivam evrazijskoj integracii. Jelektronnyj resurs: akorda.kz
2. Mirovaja jekonomika: prognoz do 2020 goda/ pod red A.A. Dynkina // IMJeMO RAN. M.: Magistr, 2008
3. Mirovaja jekonomika :uchebnik/ pod red. I.P. Nikolaevoj,- M.: Prospekt,2010 - 240s
4. Issledovanie investicionnoj privlekatel'nosti Kazahstana // Ernst &Young,2014
5. Komitet Respubliki Kazahstan po statistike, 2015

\*\*\*

Супугалиева Г.И.

## Роль инвестиции в повышения эффективности Евразийской экономической интеграции

**Резюме.** В статье раскрываются особенности интеграционных процессов как объективная закономерность современного развития экономики, базирующаяся на исторически сложившихся объективных процессах. Интеграционные процессы характерны как для внутреннего развития экономики страны, так и для внешней. А также рассматриваются основные направления реализации, такие как мотивация привлечения инвестиций, совершенствование законодательства в сфере привлечения инвестиций, перестройка государственной инвестиционной системы, развитие инвестиционного рынка.

**Ключевые слова:** Интеграция, евразийский союз, инвестиция, инвестиционный проект, инвестиционная привлекательность, прямые инвестиции.

\*\*\*

Gulnazym Supugalieva

## The role of investment in the improving the efficiency of the Eurasian economic integration

**Resume.** The article describes the features of the integration process as the objective law of development of modern economy, which is based on historical objective processes. Integration processes are specific for the internal development of the country's economy and external. As well as the basic directions of implementation, such as motivation to attract investments, improvement of legislation in the sphere of attracting investments, restructuring of public investment system and the development of the investment market.

**Keywords:** the integration, the Eurasian Union, investment, investment projects, investment attraction, direct investments.

Анкета

Фамилия	Супугалиева
Имя	Гулназым
Отчество	Ислямовна
Фото	
Научная степень	-
Ученое звание	-
Должность с кафедрой или департаментом	Ст. преподаватель
Место работы	Казахский Национальный Университет им. аль-Фараби
Раб. адрес	Республика Казахстан, г. Алматы инд 050040 пр. аль-Фараби, 71. 8(727)377-33-31 вн 12-52
Адрес на который Вы бы хотели получить авторский экземпляр	Республика Казахстан, г. Алматы инд 050040 пр. аль-Фараби, 71. 8(727)377-33-31 вн 12-52
Е-mail, телефон	gulnazym.supugalieva@mail.ru 8-778-100-28-69
Научные интересы	

Application form

Фамилия	Supugalieva
Имя	Gulnazym

Научная степень	
Ученое звание	
должность и кафедра или департаментом	Senior Lecturer
Официальное название места работы на англ. языке (нужно для того чтобы кроме индексации автора, индексировалась и организация)	Kazakh National University named after al-Farabi The Republic of Kazakhstan, Almaty, 050040 Ind pr. Al-Farabi, 71. 8 (727) 377-33-31 ext 12-52